



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
«Ақ жол» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 21 сәуірдегі № ДС-83

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралардың кешенді жоспарында тауардың қозғалысының барлық кезеңдерінде (*әкелу, өндіру, өткізу*), оларды жан-жақты бақылау мақсатында тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін кезең-кезеңімен енгізу көзделген.

Мәселен, Үкімет аяқ киім тауарларын міндетті таңбалауға кезең-кезеңімен көшу үшін бизнесті қолдау іс-шараларын қабылдады:

- таңбаланбаған аяқ киімді өткізу мерзімі 2022 жылғы 1 сәуірден 2023 жылғы 1 сәуірге дейін ұзартылды;
- импорттаушыларға 2023 жылғы 1 қарашаға дейін кедендік тазартудан кейін ҚР өз қоймаларында аяқ киімді таңбалауға рұқсат етілді;
- нақты қабылдаудан кейін қабылдау тапсыру актісімен растау мерзімі 1 күннен 5 күнге дейін ұзартылды.

Сонымен бірге, Үкімет Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету қағидаларына сәйкес аяқ-киім өнімін таңбалау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса сәйкестендіру құралдарын қою үшін жабдықтар алумен байланысты жеңіл өнеркәсіп субъектілерінің шығындарын өтеуді көздейді (*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 15 маусымдағы № 342 бұйрығы*).

Қазіргі уақытта аталған Қағидаға отандық дәрі-дәрмек құралдарын өндірушілердің таңбалау жабдықтарын алуға шығарған шығынын өтеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл ретте, бөлшек сауда таңбалау процесіне тек ағымдағы жабдықтарды таңбалау кезеңінде ғана тартылады.

Бұдан әрі бөлшек саудагерлерге қоймаға келетін барлық тауарлар өндірушілер немесе импорттаушылар арқылы таңбаланатын болады.

Анықтама ретінде: 1. Аталған жобаны іске асыру үшін талап етілетін бөлшек сауда өкілдерінің шығыстары:

Бөлшек сауда шығыстары мынаны құрайды: құны 25 000 теңгеден басталатын 2D сканер, БКМ тігіс 2 000 теңгеден басталады.

Бұл ретте, бөлшек сауда өкілдері «Қазақтелеком» АҚ Бірыңғай операторының 2D сканерді сатып алуды және БКМ қайта бағдарламалық жасақтауға мүмкіндік беретін тегін мобильді қосымшасын пайдалана алады.

Бөлшек өкілдер үшін қалдықтарды таңбалау рәсімі бір реттік болып табылады, оған мынадай шығындар болжанады:

- таңбалау кодтарын басып шығаруға арналған принтер 63 000 теңгеден 328 000 теңгеге дейін (таңбалау қағидаларына сәйкес таңбалау кодтарын басып шығару үшін кез келген принтер жарамды, материалға немесе өзге де талап жоқ, ең аз мөлшері 2 см-ден 2 см-ге дейінгі Data matrix кодының болуы талабы);

- таңбалау кодының құны ҚҚС-сыз 2,68 теңге;

- затбелгі 3 теңге (риббон шығындарын ескере отырып, термотрансферлік принтерде).

Мысалы, қоймада 2 000 жұп аяқ киімнің қалдықтары болса, шығындар 75 000 теңгені құрайды.

2. Орташа импорттаушылар мен өндірушілердің шығындары:

1) 63 000 теңгеден 328 000 теңгеге дейінгі таңбалау кодтарын басып шығаруға арналған принтер. Кодтардың үлкен көлемімен жұмыс істеу кезінде деректерді жинау терминалы (бұдан әрі – ДЖТ). ДЖТ құны 453 964 теңге. Тауардың үлкен көлемі бар кәсіпкерлердің көпшілігі өз жұмысында ДЖТ пайдаланады.

2) есеп жүйесінің интеграциясы болған жағдайда - 300 000-нан 1 000 000 теңгеге дейін.

Қорытынды шығындар – 816 964-тен 1 781 964 теңгеге дейін.

1 жыл ішінде тауар құнына жүктеме – 16 теңгеден 35 теңгеге дейін болады.

«Аяқ киім тауарларын таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындау туралы» Үкіметтің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 620 қаулысымен БСБ құнының шекті мөлшері бекітілді.

Осылайша, аяқ киім тауарларын таңбалауда қолданылатын БСБ құны қосылған құн салығынсыз бірлігі үшін 2,68 теңге мөлшерінде айқындалған.

Аяқ киім тауарлары бағасының өсуіне өзіндік құнның өсуіне (шикізат пен материалдардың бағасы, өндірістік персоналдың жалақысы, көлік шығындары) әкімшілік шығындар, салықтар, баждар мен бюджетке төленетін төлемдер тікелей әсер етеді. Таңбалау шығындары шамалы және заңдастыру арқылы жанама әсер етеді (тауар төлемдер мен салықтарды төлеу).

«Атамекен» ҰКП Бірыңғай оператормен бірлесіп аяқ киім тауарларын таңбалаумен қадағалауды енгізу процестерін жеңілдету бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізуде.

Ағымдағы жылдың 20 сәуірінде GS1 Kazakhstan және аяқ киім тауарларын таңбалау бөлігінде аяқ киім саласы үшін әлсірету мәселесінің Бірыңғай операторының қатысуымен кеңес өткізілді, оның нәтижелері бойынша ақылы негізде ұсынылатын халықаралық GTIN номерлердің орнына өтеусіз негізінде NTIN номерлері түрінде ұлттық кодтауды республика аумағында балама ретінде пайдалану туралы шешім қабылданды.

Аталған шаралар отандық бизнеске аяқ киім тауарларын таңбалау бойынша жұмысты жеңілдетуге және әлеуетті қаржылық жүктемені одан әрі төмендетуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесінде аяқ киім тауарлары айналымына 2,8 мыңнан астам қатысушы тіркелген *(оның ішінде 115 өндіруші, 774 импорттаушы және 1 602 бөлшек сауда өкілі, 341 көтерме сатушылар)*.

Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аяқ киім тауарларын «қосарланған» таңбалауды болдырмау үшін Ресей Федерациямен таңбалау кодтарын өзара тану жүзеге асырылды *(Беларусь Республикасымен интеграциялық жұмыстар жүргізілуде)*.

Сонымен қатар, тұтынушыларға таңбаланған тауардың түпнұсқалығын оңай тексеруге мүмкіндік беретін Naqty Onim мобильді қосымшасы әзірленді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес тауарларды таңбалау салықтық бақылау және салық міндеттемелерінің орындалуына қашықтықтан мониторинг жүргізу рәсімдерін толыққанды цифрландыру бағыттарының бірі болып танылғанын атап өткен жөн.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қаржы министрі**

Е. Жамаубаев

**«Ақ жол» партиясының фракциясы мүшелерінің
тізімі:**

**Е.А. Бейсенбаев
А.Т. Перуашев
Д.М. Еспаева
Е.Х. Барлыбаев
Қ.Ж. Иса
А.А. Садықов**